



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

*2021-2022 оқу жылының басына Қазақстан
Республикасындағы техникалық және кәсіптік, орта
білімнен кейінгі білім*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік-кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік(байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректер діөңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Әлеуметтік және демографиялық статистика департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Рахимова Жанар Балтабайқызы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Ханжігітов Нұрлан Еркенұлы

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ө. Сол жақ жағалауы, Мәңгілік ел көшесі, 8, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

zh.rakhimova@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172) 74 92 58

S.2 Өзектілік-кіріспе

Бұл статистикалық байқау білім беру саласына жатады. Статистикалық нысан оқу бөлімінде, бухгалтерияда, кадрлар бөлімінде және оқу орнының басқа бөлімшелерінде бар бастапқы есепке алу құжаттамасының деректері негізінде қалыптастырылған. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру ұйымдары (училище, колледж) - қоғамдық пайдалы кәсіптік қызметтің негізгі бағыттары бойынша білікті жұмысшы кадрлар мен мамандарды даярлауға бағытталған техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар. Мамандық бойынша деректер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 530 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышына» сәйкес толтырылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

09.08.2018

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

09.08.2018

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

09.08.2018

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Білім беру ұйымдары оқушыларының саны – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың саны. Статистикалық есептілікте білім алушылардың саны туралы деректер курстар, жыныс, жас, мамандықтар және басқа да көрсеткіштер бойынша келтіріледі. Сондай-ақ статистикалық нысанда деректер күндізгі, кешкі және сырттай оқу нысандары бойынша жеке толтырылады.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 530 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышы» (КПСТППО);
2. Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші (ӘАОЖ 11-2009);
3. Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші (МНЖ);
4. Ұлттар жіктеуіші (ҰЖ 1.12-2004) Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының сайтында орналастырылған www.stat.gov.kz бөлімде /Басты/Жіктеуіштер/.

S.4.3 Секторлық қамту

Респонденттер тобы-меншік нысаны мен ведомстволық тиістілігіне қарамастан, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласында мамандар даярлауды жүзеге асыратын заңды тұлғалар және (немесе) олардың филиалдары мен өкілдіктері.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

1. Бақылау түрі-үздіксіз.
2. Деректерді жинау құралы – «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы есеп» жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны, статистикалық нысанның коды 621112179, индексі 2 - НК, кезеңділігі-жылдық. Статистикалық нысан ҚР СЖРА ҰСБ сайтында қолжетімді www.stat.gov.kz "Респонденттер үшін" бөлімінде/2022 жылға арналған статистикалық нысандар/Жылына бір рет.

Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

- 1) кітап беру саны-оқырман формулярында тіркелген, үйге берілген әдебиеттер саны;
- 2) білім алушыларды шығару-ағымдағы жылы білім алғандар мен оқуды бітіргендер қатарынан, сондай-ақ өткен жылдары оқу курсынан өткендердің қатарынан диплом қорғаған немесе бітіру емтихандарын тапсырған білім алушылардың саны;

- 3) қабылданды (білім алушыларды қабылдау) - конкурстық іріктеу нәтижесінде оқу жылының басында оқу орнына жаңадан қабылданған білім алушылардың саны;
- 4) оқытушылардың тізімдік саны - еңбек шарты бойынша оны жасасу мерзіміне қарамастан қабылданған адамдардың саны;
- 5) алдыңғы оқу жылы ішінде келгені - оқуға қабылдау туралы бұйрықтан кейін оқу орнына келген (қабылданған) білім алушылардың саны;
- 6) өткен оқу жылы ішінде кеткендер-өткен жылғы 1 қазаннан кейін оқу орнынан кеткендер саны туралы деректер.

S.4.5 Статистикалық объект

Қазақстан Республикасындағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Жоқ

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстары, республикалық маңызы бар қалалар, астана)

S.4.8 Қамту уақыты

2000-2021 жж.

S.4.9 Базалық кезең

Өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырылады.

S.5 Өлшем бірлігі

Адам

S.6 Есепті кезең

Жылына бір рет

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.
2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.
3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағаның м.а .2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негіздеуіне қағидалары.
4. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстардың жоспары.
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық

ақпаратты тарату графигі.

6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары.

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы №778 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары.

8. «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының м.а. 2022 жылғы 10 қаңтардағы № 51 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің халықаралық стандартты сыныптамасы-2011» схемасы бойынша білім беру бойынша статистикалық көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістемені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 220 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 18 қаңтарда № 26521 тіркелген.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығы мен қорғау кепілдігі қамтамасыз етіледі.

2. 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. ҚР СЖРА ҰСБ басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағида-тарын мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың құпиялылығын, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы шартында қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық - деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010

жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабы 1, 2-тармақтарына сәйкес.2022 жылға арналған ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі www.gov.kz сайтында «Мемлекеттік органдар» - Басқалар - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі – Құрылым – Бюро – Қызметі - Ресми статистикалық ақпаратқа пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру – Құжаттар бөлімінде орналастырылған.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

2022 жылға арналған ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі www.gov.kz сайтында «Мемлекеттік органдар» - Басқалар - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі – Құрылым – Бюро – Қызметі - Ресми статистикалық ақпаратқа пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру - Құжаттар бөлімінде орналастырылған.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайты. Ресми статистика / Салалар бойынша / Білім беру статистика.

S.10 Тарату жиілігі

жыл

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Жыл сайын 12 қаңтарда «Қазақстан Республикасындағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім» баспасөз хабарламасын шығару.

S.11.2 Жарияланымдар

ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында Негізгі – Ресми статистика – Салалар бойынша – Білім беру статистика – Бюллетендер – «Қазақстан Республикасындағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім».

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

"Талдау" ақпараттық - талдау жүйесі – Білім беру статистика - Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім.

S.11.3.1 АС1.Деректер кестесі-кеңестер

Жүзеге асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрде ұсыну Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі №168 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында орналастырылған) Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидаларымен реттеледі.

S.11.5 Өзгеде

Ақпаратты ТМД статистикалық комитеті, ЮНЕСКО АЖ, Еуразиялық экономикалық комиссия және басқа да халықаралық статистикалық ұйымдар пайдаланады.

S.11.5.1 AC2.Метадеректер–кеңестер

Жүзеге асырылмаған

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының сайты www.stat.gov.kz Басты – Әдістеме - Білім беру статистикасы-Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының м.а. 2022 жылғы 10 қаңтардағы № 51 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің халықаралық стандартты сыныптамасы-2011» схемасы бойынша білім беру бойынша статистикалық көрсеткіштерді қалыптастыру әдістемесі». Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 18 қаңтарда № 26521 болып тіркелген.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

- 1) ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросы басшысының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.
- 2) ҚРСЖРА Ұлттық статистика бюросының Сапа саласындағы мақсаттары, тиісті құрылымдық бөлімшенің Сапа саласындағы мақсаттары.
- 3) Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары.
- 4) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы №53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.
- 5) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы №63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпымақұлдаған рәсімдер мен құпталады:

- бастапқы есепке алу негізгі принциптерді сақтау.
- Бастапқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық);
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі

S.13.2 Сапаны бағалау

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының м.а. 2022 жылғы 10 қаңтардағы №51 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің халықаралық стандартты сыныптамасы-2011» схемасы бойынша білім беру бойынша статистикалық көрсеткіштерді қалыптастыру әдістемесі».

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: Тәуелсіз мемлекеттер достастығының Статистикалық комитеті, Еуропалық экономикалық комиссия, ҚР-ның мемлекеттік органдары, жеке және заңды тұлғалар. Статистикалық ақпарат ҚР әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау үшін қолданылады (білім беру саласында).

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Жыл сайын ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға Q-002 "Пайдаланушылар сауалы" сауалнамасына сәйкес сауал салу жүргізіледі


S.14.3 Толықтығы/R1.Деректердің толықтығы-үлес

Қолданылмайды


S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

2021-2022 оқу жылының басындағы ТЖКБ ұйымдарының саны



2021-2022 оқу жылының басындағы оқушылар саны, адам



2021-2022 оқу жылының басына Қазақстан Республикасында дербес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының саны 724 ұйымды құрады, оның ішінде Алматы қаласында - 81 ұйым, Шығыс Қазақстан облысында - 71 ұйым. Білім алушылардың саны 494 042 адамды құрады, олардың ішінде ең көп оқушылар саны Алматы қаласында (78 869 адам), Шымкент қаласында (42 749 адам), Шығыс Қазақстан облысында (36 495 адам).

S.15.2 Іріктеме қатесі-индикаторлар/A1.

Байқаудың жаппай типі болғандықтан қолданылмайды

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Байқаудың жаппай типі болғандықтан қолданылмайды

S.15.3.1 Қамту қатесі

Байқаудың жаппай типі болғандықтан қолданылмайды

S.15.3.1.1 A2. Қамтудыарттыру-үлес

Байқаудың жаппай типі болғандықтан қолданылмайды

S.15.3.1.2 A3.Жалпыбірліктер-арақатынас

Байқаудың жаппай типі болғандықтан қолданылмайды

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4.Жауап жоқ болу бірлігі–үлесі

Деректерді енгізудің дұрыстығы мен толықтығын бақылау қолданылады.

S.15.3.3.2 A5.Жауап жоқ болу тармағы–үлесі

Байқаудың жаппай типі болғандықтан қолданылмайды

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1.Күту кезеңі–алғашқы нәтижелер

Әкімшілік дереккөзден ұсыну мерзімінен бастап нәтижелерін өңдеп жариялауға кеткен уақыт 81 күнді құрайды. Нәтижелері жедел ақпаратта жарияланады. Жариялану күні Статистикалық жұмыс жоспарында және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде жарияланған және бекітілген.

S.16.1.2 TP2.Күту кезеңі–соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады. Нақты және жоспарлы күндер сәйкес келеді, 2021 жылға жариялау мерзімінің бұзылуы болған жоқ. Егер жарияланым демалыс немесе мереке күндеріне түссе, жарияланымның шығарылымы келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасы аумақтары шеңберінде.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша асимметриясы– коэффициент/СС1

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының көрсеткіштері бойынша серпінді қатарлар 2000 жылдан бастап 2021 жыл басына дейін.Осы серпінді қатарлар ҚР СЖРА ҰСБ-ның www.stat.gov.kz сайтында - Негізгі - Ресми статистика - Білім беру

статистика - Динамикалық кестелер.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

«Білім берудің халықаралық стандартты сыныптамасы-2011» схемасы бойынша білім беру бойынша статистикалық көрсеткіштерді қалыптастыру әдістемесі» қолданылады. Статистикалық құралдар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен және үкіметтік емес ұйымдармен келісілді.

S.18.2 Ішкі келісушілік

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы есеп» (индексі 2-НК) статистикалық нысаны бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқау жылына 1 рет жүргізіледі. Сонымен қатар, «Білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы №570 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінде (бұдан әрі - БҒМ) жылына 1 рет ТЖКБ ұйымдарының желісі мен контингенті, түлектердің жұмысқа орналасуы, педагогикалық қызметкерлер, материалдық-техникалық база туралы, ТЖКБ ұйымдарын аккредиттеу және сертификаттау туралы, әріптестікті дамыту туралы (индекстері ТП-1, ТП-3, ТП-4, ТП-5, ТП-6, ТП-7, ТП-8, ТП-9, ТП-10) жинау жүргізілуде.

ҰСБ және БҒМ-де ұсынылған деректерді талдау және салыстыру нәтижесінде оқушылардың саны, қабылдауы, бітіруі, оқыту курстары, мамандықтар бойынша, келу елдері бойынша, педагог қызметкерлердің саны мен құрамы бойынша мәліметтер сияқты негізгі көрсеткіштердің қайталануын, сондай-ақ 2-НК статистикалық нысанында бар кейбір көрсеткіштердің болмауын-оқу ұйымының дербестік түрі, оқушылардың күтілетін бітіруі, оқытудың кейбір тілдері бойынша саны, ерекше санаттағы адамдар туралы мәліметтер, мемлекеттік емтихандарға рұқсат беру туралы және материалдық-техникалық база бойынша кейбір көрсеткіштер.

S.19 Жүктеме

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы деректерді жинау респонденттің қалауы бойынша электрондық түрде және қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Деректерді жинау онлайн режимде жүзеге асырылады, онда респондент үшін типтік енгізу қателерін болдырмайтын автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген. Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолдана отырып автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратын басқару қарастырылған.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау/А6

Статистикалық құралдар ҚР Ұлттық статистика бюросы басшысының 15.12.2021 жылғы №46 бұйрығына сәйкес өзектілендірілді. Қаралып отырған кезеңде ресми статистикалық ақпаратты қайта жариялау болған жоқ.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы деректер жиынтығы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы есеп» статистикалық нысаны бойынша бастапқы статистикалық ақпарат көздеріне негізделеді.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Деректерді жинау «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы есеп» статистикалық нысанын толтыру арқылы қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Электрондық түрде Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастырылған «деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады (www.stat.gov.kz).

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Алғашқы статистикалық деректердің анықтығын тексеру үшін форматтық-логикалық бақылау қарастырылған. Деректерге талдау жүргізіледі.

S.21.5 Импутация-үлесі/А7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Деректердің сапасын қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыру.